

Парсы тілін оқыту әдістері
Жұмашева М. - ҚазҚызМПУ-дың 3 курс студенті
Ғылыми жетекеші: Садықова Р.К. ф.ғ.к.

XXI ғасыр қарқынды даму заманында шет тілдерін үйрену кең етек алған феноменге айналды. Бүгінгі таңда ағылшын тілін білу белгілі бір деңгейде міндеттелген болса, басқа шетел тілдеріне қызығушылық арта түсуде. Шет тілдерін білу тек қана екі ел арасындағы қатынасты нығайту ғана емес, сондай-ақ мәдениет аралық қарым-қатынасқа түсіп, рухани, мәдени тәжірибе алмасу десек қателеспеспіз. Шет тілдерін білу – жастар арасында кең етек алып отыр. Әрине, бұл құбылыс – қазіргі таңдағы жұмысқа қабілеттілікті арттыруда, шет тілін меңгерген, шет елдік азаматтармен қарым-қатынасқа түсе алатын азаматтардың бәсекеге қабілеттілігі де жоғары болады. Бүгінгі әлеуметтік ортада қоғамның назарын ағылшын, қытай, кәріс, француз тілдері көптеп аударуда. Шет тілдерін оқыту мектептерін, арнайы курстарды да қаланың әрбір бұрышынан табуға болады. Бірақ, сол оқыту орындарының кез келгенінен парсы тілін табу мүмкін емес. Не себепті?

1. Біздің қазіргі қоғам арасында бұл тілдің танылмағандығында, яғни халықтың хабарсыз болуы. Әрине, бұл алғашқы мәселелердің бірі, бірақ қазіргі әлемдік өзгерістер жайлы, соның ішінде Иран Ислам Республикасына қойылған санкциялардың алынып тасталуы туралы хабарды біледі. Сондықтан елімізге қаншама шет елдік компаниялар келіп, кадрлар жинауда, ал оған парсы тілін мамандар қажет. Яғни, бұл уақыттың еншісіндегі мәселе.

2. Мамандардың жетіспеуі. Алдыңғы айтылған мәліметтерден ақ, сұраныстың артуынан талаптың да қаншалықты болатыны белгілі. Парсы тілі мамандығына талапкерлердің де артуы етек алатыны заңды болары анық.

3. Оқыту әдістерінің нақты жинақталмауы.

Шет тілін оқытудың табысты болуы оқыту әдісіне, оқытушының алдыға қойылған талаптарға сай әдістерді таңдай алуына тікелей байланысты. Шет тілін, соның ішінде парсы тілін оқытуда қазіргі таңда бірнеше әдістерді бөліп қарастыруға болады. Соның біріншісі, дәстүрлі әдіс немесе грамматикалық-аударма әдісі [1]. Кез-келген шетел тілін оқытуда жиі қолданылатын әдіс болып саналады, яғни әдеттегідей, алғашында тілдің грамматикасын оқыту, тексттерді грамматикалық талдаудан өткізу, дайын материалды жаттау. Дәстүрлі әдісте оқушының назары тілдің грамматикалық ерекшеліктеріне аударылады. Коммуникативтік емес жаттығуларға көбірек көңіл бөлінеді, мәтіндерді аудару, грамматикалық жаттығулар, бағандарды толықтыру т.с.с. Бұл әдіспен біз тілдің грамматикалық, лексикалық ерекшеліктеріне ғана тоқталып, ең басты оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін назардан тыс қалдырып аламыз. Дәстүрлі әдістің үлкен кемшілігі тіл аралық бөгеудің пайда болу алғышарттарының ортасы болып табылады, себебі біз ол тілде сөйлемейміз, тек қана жаттанды фразаларды қиыстырып айтамыз. Соған қарамастан, бұл әдістің бірден-бір пайдалы тұсы - тілдің грамматикасын жоғары деңгейде меңгеруге көмектеседі. Өзінің кемшіліктеріне қарамастан, бұл әдіс аналитикалық оқу мен аударма ісін оқытуда оң көрсеткіштер көрсетіп, әлі күнге дейін қолданыстан шыққан емес[2].

Дәстүрлі әдістің ұстанымдарына қарама-қарсы әдіс – Шехтер әдісі. Басты идея – шет тілін оқытуда сезімдік-мағыналық ықпал ету, шет тілін оқып үйрену адамның ана тілі сияқты қалыптасу керек деген сенімді ұстанады. Сезімдік-мағыналық әдістің негізінде "адамның сөйлеуі – біліктің жиындығы емес, адамға тән дағды, машық" [3]. Дәстүрлі

әдісте біз ережелер мен сөздерді жаттасақ, Шехтер әдісінде оның орнына тілдің пайда болуы, оның дамуы мен түзетулер ұсынылады. Шехтер әдісінің негізіне оқытушылар арасында шағын көріністер ұйымдастыру алынады. Яғни, бір-бірімен сөйлесу арқылы олар жаттанды, тақырыпта берілген сөздерді қолданып диалог құрмайды, керісінше еркіндік беріліп, әңгіме өзінің ойынан шығарылады. Бұл тіл үйренудің бірінші деңгейі болып саналады да, бұл циклда қатесіз, дұрыс сөйлеу маңызды емес, тек сөйлеушінің ойы жеткізілсе болды. Бастапқы кездегі грамматикалық қателіктер тек қана мағыналық өзгерістер еңгізгенде ғана жөнделіп отырады. Қателік жіберуден қорқыныштың болмауы, тіл аралық бөгеудің пайда болуынан сақтайды. Дәстүрлі әдістен басты артықшылығы да осында. Ал грамматикалық ерекшеліктерін келесі кезеңде оқыта басталады, яғни бірінші үйренуші тілдің жалпы қолданылуымен танысып, меңгереді, содан кейін тілін грамматикалық ережелерге сай түзейді. Грамматикалық ережелер оларға жеңіл мысал келтіре алғанда тез меңгерілмей ме? Екінші, үшінші кезеңде тілдің дұрысталуына көңіл бөлінеді. Ендігі мақсат - сөзімізді түсінікті ғана емес, сондай-ақ грамматикалық жағынан да дұрыс құра алу. Шехтер әдісі бойынша: Ережелер тілді сипаттайды, бірақ тіл ережелерден құралмайды. Әрбіреуіміз ана тілімізде сөйлегенімізде әр сөздің қай кезде қалай қолданатынын есімізге түсіргендіктен емес, қалай айтқан дұрыс немесе дұрыс емес екендігін ішкі түйсікпен сезгендіктен қатесіз сөйлейміз емес пе? Міне, шет тілін оқуда да біз осы түйсікті қалыптастыруға көңіл бөлуіміз керек.

Шет тілін оқытуда заманауи әдістер де көптеп кездеседі, солардың бірі – коммуникативтік әдіс. Негізгі мақсаты - оқытылып жатқан тілде адамдармен қарым-қатынасқа түсуге үйрету. Яғни, коммуникацияның барлық түрлерін қолдану - ауызша, жазбаша сөйлесу, тілдесушінің айтқанын тыңдап, түсіне алуы. Бұл әдісте барынша шынайы болған жөн, сонда ғана сол тілдің ерекшеліктерін игеру оңайға соғады. Диалог кезінде, жатталған сұрақтарды қоймай, өзінді шын мәнінде қызықтыратын я болмаса білмейтін мәселелерді сұрау, тапсырмада импровизациясын қолдану тілдің әр түрлі қырларын танып, білуге септігін тигізеді. Әдістің ерекшеліктерінің бірі тілді игеру кезіндегі қарым-қатынасты шынайы өмірлік коммуникацияға ұқсастыру, жақындастыру [4].

Шет тілін оқытуда әр сабақты әр түрлі әдіспен өткізуге де болады, бірақ үйренушінің жеке ерекшеліктерін ескерген жөн, оның жеке бас ерекшеліктері, жас ерекшеліктері, тілді меңгеруге жұмсалатын уақыт шектеулері, т.с.с. Әрбір әдіс белгілі жағдайда өзіндік құндылыққа ие. Парсы тілін түркітілдес халық өкілдеріне оқытуда аталған әдістерді негізге алған тиімді болмақ, парсы тілі – үнді-еуропа тілдер тобына жатқанымен, түркі тілдерінде парсыдан кірме сөздер көптеп кездеседі, әрине олар тілдік, диалектілік өзгерістерге ұшырағанымен әбден түсінікті сөздер. Тарихтан белгілі, ақын-жазушылардың барлығы дерлік парсы әдебиетін оқып өскен. Қазақ әдебиетінде де, көркем шығармаларында да парсының кірме сөздерін кездестіреміз. Қарапайым өмірде қолданыстағы сөздердің өзінде 4000-ға жуық парсы сөздері бар. Мысалы: кітап - کتاب , дәптер - دفتر , мұғалім - معلم , гүл - گل , жетім - یتیم , ақиқат - حقیقت , т.с.с. Сонымен қатар, грамматикалық ерекшеліктері де түркі тілдеріне ұқсас, сөйлем құрамы, сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі орны қазақ тілінің грамматикасына тұспа-тұс келеді. Мысалы, қазақ тілінде: " Мен бүгін сабаққа барамын." Сөйлем құрамы бойынша: Бастауыш, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, баяндауыш. Парсы тілінде: "من امروز به درس می روم." Сөйлем мүшелері дәл сол реттілікпен келеді. Осындай ұқсастықтарды ескеретін болсақ, парсы тілін игеру қазақ тілінде сөйлейтін тұлғалар үшін жеңіл соқпақ.

Қазіргі таңда, шет тілін үйретуде 100ден аса әдістер қолданады, бірақ оның барлығы тиімді деп айта алмаймыз. Ешқандай күш салусыз шет тілін меңгеру мүмкін емес екендігін естен шығармаңыз. Бірақ әрқашан сол оқытуды қызықты әрі келешекте өзге тілде сөйлей алуға, түсінісе алуға, басқа тілде сезінуге жетелейтін әдістерді қолдану керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кашина Е.Г. Традиции и инновации в методике преподавания иностранного языка. Самара: Изд-тво Универс грипп, 2006.
2. Основные направления в методике преподавания иностранных языков в XIX - XX вв/ под ред. И.В.Рахманова. М.:Педагогика, 1972.
3. Шехтер И. Ю. — Живой язык, М., Ректор, 2005
4. Миролубов А.А., История отечественной методики иностранным языкам. М: Ступени, Инфра-М, 2002.